

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті

Журналистика кафедрасы

**ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТ ДАЯРЛАУ
бағыты бойынша
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№6 ХАТТАМАСЫ**

26 наурыз 2024 жыл

Түркістан қаласы

Қатысқандар: ф.ғ.к., доцент м.а. Бельдибекова Ә., ф.ғ.к., профессор Сердәлі Б., аға оқытушы Сәдібеков А., «Түркістан» газетінің редакторы Дәулетов М., студент Тәжібай Н., студент Абдимутали Е.


Күн тәртібінде:

1. Университет деңгейінде жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау
2. Білім беру сапасын арттыруға байланысты кері байланыстарды сараптау
3. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

1) Сауалнама 2023 жылдың күзгі семестрдің соңында өтті. Университеттің барлық білім беру бағдарламаларының респонденттері – бакалаврлар, магистранттар мен докторанттар сауалнамаға қатысты – 8279 (51,7%), оның ішінде: бакалавриат-7668 (53,2%), магистранттар – 538 (39,8%), докторанттар - 73 (29,3%). Сауалнаманың мақсаты - білім алушылардың оқу үдерісін ұйымдастыру сапасына және оқу пәндерін оқытуға қанағаттануын анықтау.

Респонденттерге университеттегі оқу қызметін 6 негізгі блок (бағыт)бойынша бағалау ұсынылды: I. Білім беру үдерісін ұйымдастыру II. Пәнді оқыту сапасына қанағаттану III.Ғылыми-зерттеу қызметі IV.Мамандандырылған кабинеттер мен зертханаларды материалдық-техникалық жабдықталуы V.Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету VI.ЖОО әкімшілігі мен директораттың жұмысын бағалау.



Білім беру үдерісін ұйымдастыруда білім алушылар білім беру үдерісін ұйымдастыру шарттарына қанағаттану деңгейі жеткілікті жоғары болған кезде сауалнама жауаптарында респонденттер тарапынан наразылық (кейбір мәселелер бойынша 50% - ға дейін) болғандығын атап өтті. Респонденттердің айғақтарымен сауалнама диаграммасы бойынша танысуға болады.

Сауалнаманың екінші блогы бойынша респонденттердің пәндерді оқыту сапасына (70% - дан астам) қанағаттанушылыққа жоғары баға берілді. Сауалнаманың үшінші блогы бойынша респонденттердің ғылыми-зерттеу қызметі (шамамен 35%) ғылыми-зерттеу қызметіне қатысудың жүйелілігі байқалмады.

Сауалнаманың төртінші блогы бойынша мамандандырылған кабинеттер мен зертханаларды материалдық-техникалық жабдықталуы барлық респонденттер оқу кабинеттерінің жай-күйіне 2167(26,2%), қазіргі заманғы техникалық құралдардың болуына 1593(19,2%) және мамандандырылған оқу кабинеттерінің жабдықтарына (компьютерлік сыныптар, лингафондық кабинеттер, спортзал, зертханалық жабдықтар және т.б.) 1677(20,2%) қанағаттанбайды.

Сауалнаманың бесінші блогы бойынша оқу-әдістемелік қамтамасыз ету көпшілігі респонденттер 4168 (50,3%) қажетті әдебиеттің болуына, 4215 (50,9%) электрондық кітапханадағы электрондық кітаптар мен мақалалардың қолжетімділігіне жоғары баға берді. Сондай-ақ орташа және төмен баға болды.

Сауалнаманың алтыншы блогы бойынша ЖОО әкімшілігі мен директораттың жұмысын бағалау респонденттердің көпшілігі 6513 (78,7%) мейірімділігіне, 6609 (79,8%) университет қызметкерлерінің өзара іс-қимылының қолжетімділігіне, 6408 (77,4%) әлеуметтік қолдау көрсетуде ЖОО әкімшілігі тарапынан ақпараттандыруға әбден қанағаттанады.

Қорытынды ұсыныстар берілді: 1. ЖОО Басшылығына: университеттің материалдық-техникалық базасын жақсартуға және кеңейтуге назар аудару (жиһаз, компьютерлер принтерлер, интерактивті панельдер, проекторлар және т. б.) 2. Институттар мен кафедралардың басшыларына: сауалнама нәтижелерін талдау, оқу үдерісінің проблемалық аспектілеріне назар аудару жұмысты жоспарлау кезінде сауалнама нәтижелерін ескеру студенттерді СҒЗЖ-ға тарту бойынша жұмысты күшейту. 3. Халықаралық ынтымақтастық департаментінің басшысына білім алушылар арасында академиялық ұтқырлық бойынша жұмысты күшейту (оқытудың барлық деңгейлері). 4. Білім беруді цифрландыру департаментінің басшысына: Интернеттің (Wi-Fi) сапасы мен мүмкіндігінің жұмысын жақсартуды бақылауға алу; барлық институттар бойынша интерактивті тақталар мен панельдердің, компьютерлердің, проекторлардың, қашықтан басқару құралдарының күйін тексеру және реттеу. 5. Инфрақұрылымды дамыту департаментінің басшысына: оқу аудиторияларында, кабинеттерде және институттар бойынша дәретханаларда санитарлық нормалардың сақталуын бақылауды күшейту.

2) Профессор Б.Сердәлі мәжілісті оқыту мен оқудағы кері байланысты орнатудың тиімділігі, оқушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижелер бергендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді, деген пікірмен бастады. Оқытушы студенттердің пікірін тыңдай отырып, яғни кері байланыста білдірген пікірлерін тыңдай отырып, оқыту үрдісіндегі өзі жіберген кемшіл тұстарды айқындайды. Ал келесі оқытуында осы кемшіліктерді түзетуіне, бұдан да жақсырақ дайындалуына түрткі болады. Ал студенттер болса, кері байланыс арқылы өз пікірлерін жеткізеді, оқытылған тақырыпты қорытындылап, бекітеді және жаңа ақпарат пен жаңа білімнен өз ойларына түйгендерін айқындайды. Міне, осындай түзету жұмыстар оқытуды жаңаша түрлендіріп, одан да жоғары деңгейде өткізуіне себепкер болады. Сабақтың мақсаты жан-жақты ашылатын болса, сапалы, нәтижелі білім деңгейіне жетуге толық болады.

Жалпы кері байланысты сабақ ортасындағы кезеңдерде де және оқушының өз бетімен орындайтын тапсырмаларынан кейін де, топтық тапсырмаларының соңында да жүргізіліп отыруы керек.

Кері байланысты түрліше өткізуге болады: топтық рефлексия түрінде, пікір алмасу, әңгімелесу түрінде, т.б. Кері байланыс оқытуға қатысқан студенттерға да, оқытушының өзіне де пайдалы. Кері байланыста жақсартуды қажет ететін сәттерге қарағанда, әр уақыттағы жағымды сәттерді көбірек атау керек. Топқа емес, адамға бағытталған кері байланысты қамтамасыз етіп отырған тиімді. Жұмыс барысында қол жеткізілген жетістіктерді ескеру өте маңызды және қатысушыларды еш уақытта салыстырмау керек.

Сәдібеков А. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесі талданды. Қанағаттанарлық деп табамын.

Шешім:

1. Университет деңгейінде жүргізілген сауалнама нәтижелері қанағаттанарлық деп табылсын
2. Білім беру сапасын арттыруға байланысты кері байланыстарды оқу процесіне енгізу міндеттелсін.
3. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау назарға алынсын.

Мәжіліс төрағасы:



Б. Сердәлі

Хатшысы



А.Сәдібеков